

**«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Назарбекова Алуа Ахмедиярұлының «Жалпы білім беретін
мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі (8-9-сыныптар
бойынша)» атты диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің**

ШҚІРІ

Қазақ тіл білімі лингвомәдениеттаным, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, паралингвистика, прагмалингвистика, этнолингвистика, этнопсихология және т.б. ғылыми пәндермен толықты. Қазақ тіл біліміндегі аталмыш ғылыми салалардың зерттелу бағыттары айқындалып, олар жеке пән ретінде қалыптаса бастады. Тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма тілді басқа қырынан танытуға, тілді адаммен тығыз байланыста қарастыруға жол ашты. Тіл мен мәдениетті тұтынушы ретінде адам маңызды орынға ие болды. Адамның аялық білімі, ұстанымдары мен дүниетанымы зерттеле бастады. Осымен байланысты мектеп оқушысына тіл ғылымындағы жеткен жетістіктер мен нәтижелерді оқыту мәселесін қарастыру қажеттігі туындады. Өйткені болашақ ұрпақты өз елінің тілі мен мәдениеті, тарихы мен әдебиеті, бір сөзбен айтқанда, ұлттық құндылықтары негізінде оқыту мен тәрбиелеу - тәуелсіздігімізді сақтап қалудың кепілі.

Диссертант зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде этномәдени бірліктердің ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындау кез келген халықтың қоғамдық-әлеуметтік өмірін, тіршілігінің көзін, рухы мен мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танып-білуге, ұлт психологиясы мен ұлт дүниетанымының қыры мен сыр-сыпатын зерделеуге, тарихын танып, табиғатын тануға мүмкіндік беретінін дұрыс түсініп, осы бағытта жан-жақты ізденіп, зерттеулер жүргізген. Этномәдени бірліктердің лингвистикалық аспектілері, әлеуметтік қызметі, танымдық табиғаты, педагогика-психологиялық негіздері сараланып, оларды жіктеудің негізгі қағидалары, заңдылықтары нақтыланып, оны зерттеу мәселесіне қатысты тиімді пайдаланған.

Бірінші бөлімнің бірінші тармағында антропоцентристік бағытты зерттеген ғалымдардың тұжырымдары мен қағидаларына сүйене отырып, этномәдени бірліктердің «өзге мәдениетте эквиваленті жоқ, бір этносқа ғана тән мәдени, рухани құндылықтардың тілдік (вербалды), бейвербалды (ым-ишара), менталды (наным-сенім), символдық көрінісіндегі қолданыстар» екенін дәлелдеп, оны жанры (ұлттық діл, халықтың дүниетанымы, жалпыадамзаттық рухани таным) мен формасына (вербалды, бейвербалды, менталды, символдық көрінісі) қарай ажыратып көрсетуі диссертанттың зерттеу тақырыбын терең игергенін байқатады. Осы бөлімнің екінші тармағында этностереотиптер, этнорегиолектілер, этнопрагматонимдердің танымдық, коммуникативтік және этностық бірегейлікті сақтау қызметтерін, әсіресе, этнорегиолектілерге жан-жақты талдау жасап, оның алты жасалу жолын тілдік фактілер арқылы дәлелдеуі, үшінші тармақта этноконцептілердің танымдық табиғатын (дала,

жеті ата, жер және т.б.) айқындауы; этникалық дүние бейнесін әлеуметтік-философиялық, мәдениеттанымдық әдістер негізінде дәйектеуі диссертанттың өзіндік жаңалығы болып табылады.

Диссертанттың жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі пәнінің мазмұнына «оқушылардың қызығын арттыру үшін таныс емес ұмыт бола бастаған атауларды этностереотиптерді, этнорегиолектілерді, сондай-ақ бастапқы мағынасынан ауысып, жаңа ұғымды білдіру үшін қолданылған этнопрагматонимдерді» енгізу жайлы пікірі зерттеу тақырыбының маңызын көрсетеді. Этномәдени бірліктердің педагогика-психологиялық негізін анықтауға бағытталған төртінші тармақтағы тұжырымдар ұлттық құндылықтарды жаңғырту, сақтау мәселесіне үлес қосады. А.Құнанбайұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Шоқай, Ы.Алтынсарин және т.б. қазақ педагогикасының негізін салған ойшылдар мен алаш қайраткерлерінің тұжырымдарын, Балақаев, Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ә.Әлметова, Б.Хасанұлы, Ж.Қ.Балтабаева, М.Атабаева, Қ.Есенова, Н.Ильясова, А.Әмірбекова және т.б. ғалымдардың пікірлерін зерттеу тақырыбымен сабақтастырып, ұтымды қолданған. Жеткіншек кезеңдегі 8-9-сынып оқушыларына этномәдени бірліктерді оқытуда маңызды рөл атқаратын психологиялық факторларға, этнопсихологияға байланысты тұжырымдарды негізге алып, жан-жақты дәйектеген.

Диссертацияның екінші бөлімінде этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемелік жүйесі кешенді жасалған: оқу бағдарламасы мен оқулықтарға талдау жасалған; басшылыққа алынатын ұстанымдар, әдіс-тәсілдер, оларды қолданудың жолдары көрсетілген; оны тәжірибе жүзінде қолдану дәлелденген.

Екінші бөлімнің бірінші тармағында жалпы білім беретін мектептің 8-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламасы мен мектеп оқулықтары талданып, мектеп оқулықтарындағы заттық мәдениет, рухани мәдениет атаулары, мифологиялық этнолексика, сакралды этнолексика, этнофразеологизмдер, этнонимдердің қамтылуы диаграмма түрінде ұсынылғаны диссертанттың этномәдени бірліктерді оқытудың әдістемелік жүйесін ұсыну үшін зерттеу тақырыбына байланысты мәселелерді жан-жақты зерделегенін танытады. Білім мазмұнына қатысты ұсыныстары келесі тармақтарда іске асып отырғаны тақырыптың жүйелі орындалғанын байқатады.

Этномәдени бірліктерді игертуде негізге алынатын оқыту ұстанымдарына сипаттама беріп қана қоймай, оның қай сыныпта, қандай тақырыпты оқытуда қалай басшылыққа алынғаны нақты мысалдар арқылы дәлелденген.

Тақырыпты оқытуда қолданылған әдіс-тәсілдер (салыстыру, көрнекілік, іскерлік ойындар, пікірталас, синектика, айналмалы бекеттер, галереяны шарлау, бэкроним, зерттеушілік конференция, жоба және т.б.) мектеп оқушысының пәнге деген қызығушылығын тудыруға, танымдық қабелетін дамытуға, интеллектуалдық әлеуетін көтеруге, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталуымен құнды.

Екінші бөлімнің этномәдени бірліктерді кешенді жұмыс түрлері арқылы меңгертуде арналған үшінші тармағында жаттығуларды (аналитикалық,

синтетикалық, шығармашылық); мәтіндерді; ақпараттық-коммуникациялық және ойын технологиясын қолдана отырып, этномәдени бірліктерді оқытуға арналған жұмыстар жүйелі ұсынылған. Әр жаттығудың мақсаты, міндеті, мәтіндердің ақпараттық, танымдық қызметі және әр жұмысты орындау барысында оқушыдан күтілетін нәтиженің берілуі, бағалау критерийлері мен дискрипторлардың қамтылуы - диссертанттың тақырыптың әдістемесін терең игергенінің көрсеткіші. Зерттеу тақырыбының ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тиімділігін дәлелдеуге арналған төртінші тармақта нәтижелер, қорытындылар мен түйіндер нақты материалдарға негізделген. Эксперимент нәтижелерінен диссертанттың көп ізденгенін байқауға болады. Зерттеу нәтижесінде ізденушінің қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен жаңалығы жоғары деңгейде. Ізденушінің диссертацияда ұсынған тұжырымдары мен зерттеу нәтижелері тың болып табылады.

Зерттеушінің ғылыми тілде баяндауы жатық, жұмыстың бөлімдері мен тармақтарындағы ой-пікірлер, тұжырымдар ішкі бірлікте, бірін-бірі толықтырып, бір-бірімен сабақтас өріліп отырады. Әр бөлімнің соңында жасалған тұжырым мен қорытындыдағы пікірлер дәлелді деректермен түйінделген. Диссертацияны қазақ тілі мен оның әдістемесін оқытуға қосар өзіндік үлесі бар еңбек деп бағалауға болады.

Диссертант А.А.Назарбекованың «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жалпы білім беретін мектептерде этномәдени бірліктерді оқыту әдістемесі (8-9-сыныптар бойынша)» атты диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ережелерінің талаптарына сәйкес келетін, мақсатына толық жеткен, аяқталған жұмыс деп есептейміз.

А.А.Назарбекованың диссертациялық жұмысын жоғары деңгейде орындалған жұмыс ретінде қорғауға ұсынуға болатын еңбек деп санаймыз. Диссертантқа «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге болады деп есептейміз.

Ғылыми жетекшісі,
педагогика ғылымдарының докторы,
доцент



Рахметова

